

*Ғылыми-әдістемелік журнал
Научно-методический журнал*

2 (3) 2006



**АКТӨБЕ МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ
Х А Б А Р Ш Ы С Ы**

**В Е С Т Н И К
АКТЮБИНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ИНСТИТУТА**

Мұхтар Ғалиұлы Арын – неміс тілінің грамматикасын қазақ тілінің нұсқасында құрған ғалым

Е. Жұматаева
(Павлодар)

Неміс тілін орысша нұсқада емес, қазақша нұсқада ұсынуды мақсат тұтқан М.Ғалиұлы жоғары оқу орындарының шетел тілдерін қазақ бөлімдерінде оқитын студенттерге арнап жазғаны белгілі. Стандарт ауқымында неміс тілі грамматикасы курсының типтік бағдарлама бойынша өтілетіндіктен, оған арнаулы оқулықтың болуын көздегендіктен аталған мәртебелі іс толықтай дұрыс жүзеге асканы байқалды.

Бұл оқулықтың құрылым жүйесі басқа төл оқулықтардан басқаша. Себебі, ана тілінің грамматикасы игерілген, дайын тілдің құрылымын меңгерту мақсатында қолданылса, шетел тілінің грамматикасы, ол тілді жаңадан игеріп, сөйлем құрау үшін қызмет етеді. Оқулық құрастырушы ғалым аталған қағиданы басшылыққа алған. Екінші бір ерекшелігі – грамматиканы меңгертуге түркі болар мәтіндер қазақ әдебиетінің нысандарынан алышбай, Германияда басылып шыққан оқулықтардан алынған. Оның басты себебі қазақтың көркем сөзінен гөрі Германиядан басылып шыққан оқулықтардағы сөйлемдер неміс тілінің құбылысына жуықтайды. Бірінші тарауда грамматика туралы жалпы түсінік берілді. Алдымен неміс тілінің грамматикалық формаларының үш түрлі тәсіліне тоқталған:

1. Ішкі тәсілдер арқылы сөз түбіріндегі дауысты дыбыстың алмасуы.

- а) жуан дауыстылардың жіңішкеруі
- ә) дауысты дыбыстардың алмасуы
- б) –е- дауыстысының і(ie) –ге айналуы.

2. Аналитикалық немесе күрделі формалар құрайтын тәсілдер. Неміс тілінің флективті-аналитикалық тілдер санатына жағатыны. Сол себепті неміс тілінде күрделі грамматикалық формалар жиі кездеседі. Аналитикалық формалар етістікке тән.

3. Супплевтивтік тәсілдер. Кейбір грамматикалық формалар сөз түбірінің өзгеруі арқылы жасалады.

Жоғарыда берілген неміс тілінің грамматикалық формаларының үш түрі қазақ тілінің грамматикалық формаларының үш түрі қазақ тілінің грамматикалық формаларын құрайтын тәсілдерінен мүлдем басқаша екеніне М.Ғалиұлы айбырықша мән бергені аңғарылады. Десек те, жуан дыбыстардың жіңішке айтылуы немесе күрделі грамматикалық формалар секілді тәсілдер қазақ тіліне де тән екенін

ескерсек, қазақ ұлты үшін неміс тілі жақындау келетінінің бір себеп-салдары айқындалып тұр. Өмірде қазақтар неміс халқымен іргелес болса, тез уақыт аралығында немісше, неміс ұлты қазақша сөйлеп кететіні осының нәтижесі демекшіз. Неміс тілінің грамматикасына қазақ тілінің грамматикасы негіз болмайтынын бағамдаған оқулық авторы қазақша оқитын студенттердің неміс тілін сауатты меңгеруіне қазақ мәтінінің ықпалы зор екені өз-өзінен түсінікті.

Неміс тілінде де негізгі етіс формасы барлық етістіктермен шектелетіні, ырықсыз етістің барлығы қазақ тілімен үндестігін танытады. Бірақ мұның өзі семантикалық ерекшеліктеріне қарай сабақты етістік бола тұрып, пассивте қолданылмайтыны еске алынады. Неміс тілінің грамматикасы морфология және синтаксис салаларына қазақ және орыс тілі сияқты бөлінетіндеріне де мән беріледі. Оқулық грамматикасының морфология бөлімі болғандықтан, ғалым тек оның зерттелу нысанын жан-жақты қамтып өткен.

Оқулық 1986 жылы жарық көргеніне карамай, көптеген терминдер бүгінгі модернизация талап-мүддесіне сай қолданылып жүрген ғылыми ұғымдармен өріліп келген. Нақтылап айтсақ ол мына сөздер: реляциялық (қатынастық), жиынтығы (синтез), темпоральдық микро, супплетиртік, парадигма (формалар тізбегі), сөз таптарының оппозициялық қатынаста болуы, дистрибуциясы (өзара сөздердің тіркесу қабілеті), транскрипция (сөз тудырушы тәсілдерсіз ауысуы), етістіктің мағынасын айқындаушы), рефлексивті (ортақ етіс арқылы) және т.б.

Неміс тіліндегі морфология бөлімі қазақ тілінің ауқымынан көп болып келетіні айқын жіктеліп ұсынылған. Мәселен, қазақ тілінде 9 сөз табы (жуырда ғалымдар 10-шысын ашты, бірақ жаппай әлі қабылданған жоқ) болып келсе, неміс тілінде Мұхтар Ғалиұлы он екі түрін жіктеп, оған негіздеме жасайды.

Бір ғажабы он екі сөз табының біразы қазақ тілінің де морфологиясына ұқсас:

1. Етістік	5. Сан есім
2. Зат есім	6. Үстеу
3. Сын есім	7. Шылау
4. Есімдік	8. Одағай

Қарап отырсақ, қазақ тілінде аталған сөз таптарының алгоритмі, орын тәртібі басқаша. Алдымен заттың атауын білдіретін зат есім, одан кейін сынын, қатысын, сапасын білдіретін сын есім. Заттың санын білдіретін сан есім үшінші, ал аталған сөз таптарының орнына жүретін сөз табы есімдік төртінші ретте тұрады. Іс-қимылдық әрекетті беретін сөз табы етістік бесінші, қимылға бейнелік, үстеме ұғым беретін сөз табы үстеу алтыншы, әрмен қарай еліктеуіш, одағай, шылау секілді түзілімде ұсынылатыны барша грамматистерге таңсық емес.

Ал неміс тіліндегі сөз таптарының орын тәртібін оқулық құрастырушы автордың етістіктен бастауы ойға қонымды. Себебі құр заттың атауы адамға қатысты мағынаны толықтай білдірмейді. Етістік «келді», «отыр» «жүрді» және т.б. жекелеген сөздер адамға қатысты ұғымды айқындап тұрады.

Таза неміс тіліне қатысты сөз таптары:

1. Модаль сөз
2. Предлог
3. Партикль
4. Артикль

Бүгінгі ғылыми грамматикада модаль сөздер сөз таптарының оныншы қатарына қосылды. Бірақ, мектептер мен жоғары оқу орындарында әлі де болсын аталған сөз табы мемлекеттік стандарт санатына енгені белгілі.

Оқулықты дидактикалық заңдылыққа сәйкестендіріп құрған М.Арынның шеберлігін айқындайтын тағы бір қыры - үш бірдей ғалымның сөз таптары жіктемесінің ұсынған нұсқаларын матрицалар арқылы ұсынуы. Осы тұста айта кетер бір мәселе – біздің ғылыми еңбектерімізде көбінесе «кесте» деген ұғым басымдықта болып, «матрица-жиынтық» деген ұғымның тәжірибеде кездеспейтіні. Міне, осындай кемшіліктің нәтижесінде М.Арынның құрған матрицасы стандартта, қолданымда болмағандықтан, таблица деген айдармен ұсынылған. Бұл кемшілік әлі де болсын жалғасып келеді. Барлық ғылыми еңбектерде ресми тұрғыда «матрица» таблицқа айналып кетеді. Үш ғалым, 1). В.Флеминг, 2).К.Зоммерфелд, Г.Штарке, Д.Нериус, 3).О.И.Москальскаялардың сөз таптары жайлы жіктемелерін салыстырмалы тұрғыда алған. Мұның өзі - оқулық құрастыру үрдісінде бірталай ғалымдардың еңбектерін филологиялық мәнде зерделеп, оның өзара қатыстық маңыздылығын айқындап, студенттерге ұғынықты тілмен өрнектей алғанының көрінісі.

Дидактикалық қағиданың бірі – оқулық нысанын студенттер ұғу үшін әрбір сөз таптарының ішкі сипатын айқындап беретін өлшемдіктерін сөйлемдер сапасында өрнектеу болып табылады. Ондай өлшемдіктерді оқулықтан бірнеше жерлерден кездестіру қиындық келтірмейді:

1. Шын мәнінде сөз таптары жүйесінде етістік ерекше орын алады. Семантикалық сипаты жағынан ол процессуалды ұғымды атай отырып, сөйлемдегі айтылатын ойдың «түп қазығы» сияқты болып тұрады.
2. Неміс тілінде жіктеле алатын жалғыз ғана сөз табы - етістік.
3. Етістіктер семантикалық қызметіне қарай толық мәнді, жарғылай мәнді болып екіге бөлінеді.
4. Кейбір етістіктер зат есіммен тіркесіп, бұл екеуі тұтас бір ғана процесстік мағына білдіреді.
5. Істің өту сипаты етістіктің лексикалық мағынасы арқылы аталады.
6. Сылбыр, тез, қайталап, бір-ақ рет, бәсеңдеп немесе үдеп өтуіне қарай:
 - 1) Іс-әрекетті білдіретін етістіктер. Бұл етістіктер амал жасаушыдан басқа затқа бағытталған іс-әрекетті білдіреді.
 - 2) Іс-қимылды білдіретін амал несінің шеңберінде ғана қалып, сыртқа бағытталмайтын іс-қимылды білдіреді.
 - 3) Күй-жайды, қалыпты білдіретін етістіктер.
 - 4) Іс-жағдайды білдіретін етістіктер.
 - 5) Табиғат құбылысына тән үрдістерді білдіретін етістіктер.
 - 6) Жақты және жақсыз етістіктер. Жақты етістіктер бастауышпен жекеше және көпше түрдің үш жағында да қиыса алады. Жақсыз етістіктер тек жекеше түрдің үшінші жағында тұрады, жақсыз есімдігінен болған бастауышпен ғана қиысады.

- 7) Субъектілі және объектілі етістіктер. Субъектілі етістіктер күй-жайды, іс-қимылды, табиғат құбылыстарын, іс-жағдайды білдіреді.
- 8) Объектілі етістіктер іс-әрекет мағынасын білдіреді. «іс-әрекет объектіге (затқа) тікелей бағыттталып, оны тұтастай қамтуы немесе оған жанай әсерін тигізуі мүмкін. Қазақ тіліндегі тура толықтауыштан басқа жанама толықтауыштардың кез-келген түрін менгеретін етістіктер салт етістіктер қатарына жатады.

Жоғарыда етістіктің сипатын айқындайтын өлшемдіктер қазақша оқитын студенттердің ойлау қабілетіне, парасат-бағамына қозғаушы боларлық сөз, сөз тіркестері және сөйлемдермен түзіліп ұсынылған. Нұсқалы өлшемдіктер бүгінгі таңда білімдену технологиясын инновациялық мәнде жүзеге асырылуына мүмкіндіктер жасайды. Олай болса, ықтималдық қисын (стохастика) бұл оқулықтың өн бойында байқалып отырады. Барлық морфология салаларының ішіндегі айқындау өлшемдіктерінің берілуі студенттердің неміс тілінің тек өзіне тән сипатын сөйлеу іс-әрекетінен бұрын өздігінен менгерулеріне жағдай туғызылған. Мұнда ықтималдық қисын студенттің менгеруге тиісті білім қоймасы оқулық мәтіні арқылы жүйемен тұтастық заңдылыққа сүйеніп беріліп тұр.

Қазақ тіліне тән ұғымдар мен жат ұғымдар қатарласа келетінін тек төмендегі кесте арқылы түсінуге болады.

Қазақ тіліне тән ұғымдар	Неміс тіліне тән ұғымдар
-әлсіз етістіктер	-имперфекті
-жұрнақ, жалғау	-префикс
-даму процесі	-презентумлаут
-етістіктердің қосалқы түрі	-инфинитивті
-формалары	-аблауттық
-мағына айыру қызметі	-партиципті
-қысқа не созылыңқы	-претеритұлды
-салт. сабақты	-плюсквамперфект
-қомекші етістік	-дуративті
-екпінсіз, негізгі	-темпоральдық
-ажырайтын	-пассив
-түбір сөз, құралдары	-актив
-жақ категориялары	-статив
-дараланып аударылады	-императив
-шак категориясы	-конъюнктив
-арнайы, сыпайы	-кондиционалис
	-ирреалды

Жалғыз етістік тақырыбына 3 беттен 93-і бетке дейін мәтін арналған. Сөздің грамматикалық формасы туралы ілімнің бастауы етістік ұсынылып, оның жіктелері және сипаты толық дерлік ашылғаны жайлы талдап өттік. Етістікке қатысты сөз таптары интегралды мәнде қоса-қабат түсіндіріліп, мысалдар мен минижаттығулар ұсынылып отырады. Оқулықтың ең ұтымды тұсы – студенттің ой-өрісіне ыңғайланып, бейімделіп берілуі. Сөздіктер топтамасы да құрылған. Оқулықта әдіснамалық тәртібі де бүгінгі талапқа сәйкес. Талдау-жинақтау, аналогын табу, салыстыру, ой-түйін жасау, қорыту, жіктеу, сонылығын айқындау

және т.б. вербалді емес әдістермен құрылғаны баяндау, сипаттау сияқты вербалды әдістердің қолданылмауын қамтылған. Етістік категориясын талдау үрдісіне талдау үрдісінде бірыңғай етістік жайлы айту көптеген қазақ тілінің оқулықтарына тән қасиет екені зерттеу барысында байқалды. Жалпы оқулықтың өн бойынан ісіне деген Мұхтар Ғалиұлының ерекше сүйіспендікпен жазғаны, терең зерттеу жұмысын жүргізгені айқын аңғарылып тұр. 1989 жылы «Қазақ тілі» қоғамына Ақтөбе облыстық ұйымының төрағасы болып сайланған еді. Қарап отырсақ, даурықпа сөзбен қазақ тілінің «шашбауын» көтеруден гөрі өзінің ынталы, тұғырлы ғылыми еңбегімен оқшауланып, даралық тұлғалы болмысын танытқаны зерделеу ісінде мейлінше толыққанды ашылған. Қала берсе, неміс ғалымына бара-бар деңгейде оқулық сапасына келтіруді кез-келген зиялы қауымның қолынан келе бермейтіні түсінікті. Қорыта келгенде, Мұхтар Ғалиұлы – «Қазақ тілі» қоғамының жалғыз өкілі боп, депутаттыққа сайланған бірегей тұлға. Оқулық мәтіні оқуды қазақша оқитын студенттердің сөйлеу қызметін дамыту үрдісінде аудирования, оқу, монолог, диалог секілді іс-әрекеттерге бейімделген жаттығулар орынды ұсынылған.

Ойымызды филология ғылымының докторы, профессор, ҰҒА-ның корреспондент мүшесі, Қазақстан ғылымына Еңбегі сіңген қайраткер Рабиға Сыздықованың тұғырлы бағамымен аяқтауды жөн көрдік: «И.Арыновтың 1985 жылы жарық көрген «Неміс тілінің грамматикасы» (морфология) атты оқулығының орны ерекше. Ол жоғары оқу орындарының қазақ бөлімдерінде шет тілдері оқып-үйренетіндерге арналған. Мамандардың айтуына қарағанда, Мәскеу мемлекеттік педагогикалық институтының неміс тілі кафедрасының меңгерушісі профессор Б.А.Абрамов бұл еңбекті ұлт тілінде (қазақ тілінде) тұңғыш рет жазылған жақсы оқулық деп бағалапты. Сірә, Мұханның 1988 жылы профессор атағын алуына осы кафедрада жасаған ғылыми баяндамалары мен жоғарыдағыдай оқулықтары негіз болғанын сезінеміз» [1]

Әдебиет:

1. Арин М. Рухнама 2-кітап. - Павлодар, 2003. - 15 б.
2. Арынов М.Ф. Неміс тілі грамматикасы. Морфология.- Алматы: Мектеп, 1986.- 214 б.